

## Пікір

«Биология» оқу бағдарламасы бойынша түлегі Нурмаганбетова Гульсара Ануарбековнаға, 1969 жылы туған, білімі жоғары, педагогикалық өтілі 32

жыл

Нурмаганбетова Гульсара Ануарбековна 2023 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» мамандығы бойынша «педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесін алды. Қазір Павлодар қаласының дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназияда биология және жаратылыстану пәндерінің мұғалімі болып жұмыс жасайды. Санаты педагог-шебер. Гульсара Ануарбековнаның кәсіптік әрекетінің нәтижесін оқушылардың үлгерімдері мен білім сапасының жоғары деңгейінен байқауға болады. Мұғалім оқытудың әдістемесін жоғары дәрежеде меңгерген, педагогикалық мәселелерді оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып шешеді. Сабақтың мазмұнын жоспарлау кезінде тиімді оқу кеңістігін қамтамасыз ету үшін оқушылардың назарын оқу материалының негізгі сегменттеріне аударып, маңызды ақпаратты айқындай отырып, білім алушылардың қажеттіліктерін, зерттеу дағдыларын дамытуға бағыттайды. Білім алушыларды оқу қызметіне тарту үшін жұмыстың әртүрлі түрлері мен формаларын қолданады.

Гульсара Ануарбековнаның әрбір оқушыны жан-жақты зерттеп, оның қызығушылықтарына, жеке қабілеттеріне, зияткерлік деңгейіне назар аудару-жұмыс жүйесінің негізі болып табылады. Сабақ барысында оқушылардың, жетістіктерін атап, олардың белсенді қатысуына жағдай тудырып, жайлы ортада іс-әрекеттерін ұйымдастыра біледі.

Гульсара Ануарбековна оқытудың теориялық және практикалық әдістемесін жетік меңгерген ұстаз ретінде көрсете білді. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани отырып, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере алатын және жетелейтін ұстаз.

Дарынды балаларға арналған  
Абай ат. гимназия директоры:



Шабажанова С.К.